«Аққу» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің хаттамалары
2023-2024 оқу жылы

Қызылқия е.м.

«Аққу» бөбекжай балабақшасы МККК
Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы.

2023 жылдың 31 тамыз Қатысқаны 19
Тақырыбы: «2023-2024» жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау. 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және негізгі жылдық міндеттемелерді талқылау, бекіту.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.
3. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.
4. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.

Тыңдалды:
1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші Г.Ибраимова сөз сөйледі. Сөз кезегінде 2023-2024 оқу жылына дайындық ретінде педагогтарға мемлекеттік стандарт бойынша әр топтағы тәрбиешілердің жас ерекшелігі ескеріле отырып, стандартта орын алған өзгерістер мен толықтырулар басшылыққа алынып түрлі бұрыштар мен ойын құралдары,жаңарту керектігін атап өтті.
2. Екінші мәселе бойынша сөз кезегінде әдіскер Г. Қарабаева жаңа оқу жылының жылдық жоспары мен таныстырып өтті.Мектепке дейінгі үлгілік оқыту бағдарламасында әр жас ерекшелігіне сай коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына танымдық және әлеуметтік қызығушылығын ескере отырып,жылдық жоспарда жасау қажеттілігін айтты. Сондай- ақ әр топтың атқарылатын іс-шаралар, ертеңгіліктер денсаулық мерекелері ашық ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыптарын тәрбиешілермен бірігіп отырып жоспарланғанын айтып өтті.Әр бір жоспарланған іс-шара дер кезінде өз уақытында атқарылуы рәсімделуі тиіс екенінде ескертті.
3. Балабақша тәрбиешісі Г.Салибекова жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың өзгерістері мен толықтырулары жайында айтып өтті. |
4. Төртінші мәселе бойынша әдіскер Г.Қарабаева сөз алды.Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы бойынша барлық топтар жас ерекшелігіне байланысты өздеріне берілген ойын сауық шараларын өз уақытысында орындалғанын айтты .Профилактикалық сауықтырушыныктыру шаралары. Серуенді ұйымдастыру ,баланы таза ауада қабылдау,таза ауада жаттығу жасау тб жұмыстар уақытында орындалды.

Қаулы:
1. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие-білім беру процесінде үлгілік оқу бағдарламасы бойынша дамытушы заттық орта құрылсын.
2. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
3. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктері мен шеберліктерімен мектепке дейінгі жалпыға міндетті стандартқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Балабақша меңгерушісі: Г.Т.Ибраимова
Хатшы: Г.Қарабаева

«Ақку» бебекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №2

Өткен күні: 22.11.2023
Қатысқандар:19

Тақырыбы: «Балабақшада инновациялық технологияларды колдану»
Мақсаты: Инновациялық технологиялардың түрлерін қарастыру. Мектепке дейінгі ұйымдарда оларды қолданудың тиімділігін көрсету.
Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуының есебі. Жауапты әдіскер Г.Қарабаева
Күн тәртібі:
Тақырыптық бақылау нәтижесі бойынша аналитикалық анықтама «Балалардың жас ерекшелігіне сай инновациялық технологияларды қолдану». Жауапты меңгеруші : Г.Ибраимова
Баяндама: «Инновациялық технологиясынын білім беру үдерісіндегі тиімділігі». тәрбиеші А.Өсенова
Балабақшаның 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия қорытындысы. Меңгеруші Г.Ибраимова
Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі. Барлық топ тәрбиешілері

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Г.Ибраимова Барлық топтарда жас ерекшелігіне сай инновациялық технологияларды колдануын педагогтарға баса айтып өтті. Балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын -толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру.Барлық іс-әрекеттерде түрлі әдіс -тәсілдерді ,инноватциялык технологияларды қолдануды ескертті.
2. Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Салибекова «Инновациялық технологиясынын білім беру үдерісіндегі тиімділігі» такырыбында баяндама жасады.
3.Үшінші мәселе бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының нәтижелері бойынша өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін ұсынды.
4.Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі туралы барлык топ тәрбиешілері баяндады.

Шешім бір ауыздан кабылданды.

1. «Балалардың жас ерекшелігіне сай инновациялық технологияларды қолдану» балабакшаның тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде басшылыққа алынсын.
2. «Инновациялық технологиясынын білім беру үдерісіндегі тиімділігі». тәрбиеші Г.Салибекова баяндама жасады. Тәрбие жұмыстары жоспарлау мен ұйымдастыруда техология қолданылсын.
3 Балабақша меңгерушісі Г.Ибраимова балабақшаның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия қорытындысымен таныстырып өтті.
«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазакстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын негізге ала отырып,

білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1- қосымшасы бойынша бағаланды.

1.Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі -100- 5 балл;
2. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)улес! - 70,6 -2 балл; :
3. Үш жылда бір реттен сиретпей (оныц ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі - 100- 5 балл;
4. Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы - 95 - 4 балл;
5. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау- 90-4 балл;
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету - 100 -5балл;
7. Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) - 100- 5 балл;
8. Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау - 90 - 5 балл;
9. Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау - 95 -5 балл.
Нәтижесінде балабақшаның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия корытындысының орташа баллы - 4,4 балл болып, жақсы деп бағаланды. Дегенімен педагогтардың біліктілік санатын растауы төмен деңгейде екендігі, біліктілік санатын растау жұмыстарын жүргізу қажет.

Қатысушылар ұсыныстыбірауыздан мақұлдады.

Төртінші мәселе ретінде балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі нәтижелерімен топ тәрбиешілері таныстырды. Мониторинг нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің 90%нан даму деңгейі жоғары деңгейде екенін айтты

ШЕШІМ:

1. Балабақшада инноватциялық технологиялар қолданылсын
Балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3.1. Балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындысы аумақтық бөлімшелерге ұсынылсын.
3.2. Балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындысы балабақшаның интернет сайтында жариялансын.
4. Балалардың тарбие мен білім дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Балабақша меңгерушісі: **Г.Т.Ибраимова**
Хатшы: **Т.Қарабаева**